

ISSN: 2958-5376
ISSN-L: 2958-5376

MUSEUM.KZ



ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ • НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL

4(4)2023



ӘОЖ 374.7, ҒТАМА 1174

МУЗЕЙЛЕРДІҢ РУХАНИ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОРНЫ*Г.К. Шашаева¹, З.С. Ақтамбердиева², М.М. Тастанбеков³*^{1,2} Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті (Қазақстан)³ «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы (Қазақстан)

Аңдатпа. Мақалада еліміздің мәдени-рухани даму аясындағы жетістіктерін, сол жетістіктерге жетудегі өзіндік мәселелер сарапталады. Бүгінгі таңдағы әлемдік білім беру жүйесі өзінің жылдам өзгеруімен, жаңашылдығымен ерекшеленіп, білім беру жүйесіндегі жаңалықтың негізі – әрбір білім алушыны жеке тұлға ретінде қабылдай отырып, оның тұлғалық ерекшеліктерін ескеріп, оларды болашақ өмірдегі бәсекеге қабілетті тұлға болатындай ұрпақ тәрбиелеу. Ұлттық мәдени құндылықтарын жоғалтпаған ел ғана, әлемде өзінің ұлттық болмысын, ұлттық мемлекеттілігін сипаттайтын нақыштарды сақтайтын мүмкіндіктерді жетілдіруде. Рухани мұра құндылықтары ұғымының мәні, ең алдымен, ұлттық тәрбиемен тығыз байланысты. Біздің еліміздегі рухани мәдени мұра құндылықтары түсінігі еліміздің өркениеттік дамуымен, мәдени, рухани құндылықтарымыздың, ұлттық мәдениетіміздің өркендеуімен байланысты. Олай дейтініміз, қазақ халқының ұлт ретінде сақталуы, ұрпақ сабақтастығын ұлттық үрдісте жалғастыруы-өзекті мәселе. Ал қазіргі қазақ мәдениеті үшін рухани мұраларды ұлттық құндылықтар тұрғысында музей ісінде қарастыру, оларды жаңғырту, сақтау, дәріптеу, насихаттау үлкен өзектілікке ие болып отырған күрделі саяси-әлеуметтік мәселе. Бұл мәселе арнаулы гуманитарлық білім беру жүйелерінде ғылыми талдауды қажет етеді және тәрбие саласындағы басым міндеттері.

Зерттеу материалдары мен әдістері: Мақалада сипаттау, жүйелілік, құрылымдық, тарихи-салыстырмалы, деректанулық талдау, жинақтау, жүйелеу, мәдени-тарихи, әлеуметтік т.б. қолданыс тапты.

Жұмыс барысында И. Шәмшәтұлы, Қ. Жарықбаев, С. Қалиев, Ж. Молдабеков, Ж. Алтаев, Т. Ғабитов, А. Қасабеков, Ә. Табылдиев тәрізді белгілі ғалымдарымыздың қаламынан туындаған еңбектері пайдаланылды.

Тірек сөздер: Мәдениет, ұлттық құндылықтар, музей ісі, тәрбие, білім, рухани мәдениет.
Сілтеме жасау: Г.К. Шашаева, З.С. Ақтамбердиева, М.М. Тастанбеков. Музейлердің рухани және тәрбиелік құндылықтар жүйесіндегі орны//MUSEUM.KZ. 2023. No4 (4). 80-88 бб. DOI 10.59103/muzkz.2023.04.11

РОЛЬ МУЗЕЯ В СИСТЕМЕ ДУХОВНЫХ И ВОСПИТАТЕЛЬНЫХ ЦЕННОСТЯХ*Г.К. Шашаева¹, З.С. Ақтамбердиева², М.М. Тастанбеков³*^{1,2} Казахский национальный аграрный исследовательский университет (Казахстан)³ Государственный историко-культурный музей-заповедник «Әзірет Сұлтан», (Казахстан)

Аннотация: В статье анализируются достижения нашей страны в области культурно-духовного развития, их собственные проблемы в достижении этих целей. Современная мировая система образования отличается быстрыми изменениями, инновациями, основой новизны в системе образования является воспитание поколения, которое воспринимает каждого обучающегося как личность, учитывает его личностные особенности и делает его конкурентоспособной личностью в будущей жизни. Только страна, не утратившая национальных культурных ценностей, совершенствуется в мире возможности, сохраняющие мотивы, характеризующие ее национальную идентичность, национальную государственность. Сущность понятия ценности духовного наследия тесно связана, прежде

всего, с национальным воспитанием. Понятие ценностей духовного культурного наследия в нашей стране связано с цивилизационным развитием страны, развитием наших культурных, духовных ценностей, национальной культуры. Таким образом, сохранение казахского народа как нации, продолжение преемственности поколений в Национальном процессе является актуальным вопросом. А для современной казахской культуры рассмотрение духовного наследия в музейном деле в контексте национальных ценностей, их модернизация, сохранение, популяризация, пропаганда-сложная политико-социальная проблема, имеющая большую актуальность. Данная проблема требует научного анализа в системах специального гуманитарного образования и приоритетных задач в области воспитания.

Материалы и методы исследования: В статье нашли применение описательный, систематический, структурный, историко-сравнительный, источниковедческий анализ, обобщение, систематизация, культурно-исторический, социальный и др.

В работе использованы труды известных ученых, таких как И. Шамшатулы, К. Жарыкбаев, С. Калиев, Ж. Молдабеков, Ж. Алтаев, Т. Габитов, А. Касабеков, А. Табылдиев.

Ключевые слова: Культура, национальные ценности, музейное дело, воспитание, образование, духовная культура.

Для цитирования: *Г.К. Шашаева, З.С. Актамбердиева, М.М. Тастанбеков.* Роль музея в системе духовных и воспитательных ценностях//MUSEUM.KZ. 2023. No4 (4). С. 80-88. DOI 10.59103/muzkz.2023.04.11

THE ROLE OF THE MUSEUM IN THE SYSTEM OF SPIRITUAL AND EDUCATIONAL VALUES

*G.K. Shashaeva*¹, *Z.S. Aktamberdieva*², *M.M. Tastanbekov*³

^{1,2} Kazakh National Agrarian Research University (Kazakhstan)

³State Historical and Cultural Museum-Reserve “Aziret Sultan” (Kazakhstan)

Annotation: The article analyzes the achievements of our country in the field of cultural and spiritual development, their own problems in achieving these goals. The modern world education system is characterized by rapid changes, innovations, the basis of novelty in the education system is the upbringing of a generation that perceives each student as a person, takes into account his personal characteristics and makes him a competitive personality in the future life. Only a country that has not lost its national cultural values improves opportunities in the world that preserve the motives that characterize its national identity, national statehood. The essence of the concept of the value of spiritual heritage is closely connected, first of all, with national education. The concept of values of spiritual cultural heritage in our country is connected with the civilizational development of the country, the development of our cultural, spiritual values, national culture. Thus, the preservation of the Kazakh people as a nation, the continuation of continuity. And for modern Kazakh culture, the consideration of spiritual heritage in the museum business in the context of national values, their modernization, preservation, popularization, propaganda is a complex political and social problem of great relevance. This problem requires scientific analysis in the systems of special humanitarian education and priority tasks in the field of education.

Materials and methods of research: The article uses descriptive, systematic, structural, historical-comparative, source analysis, generalization, systematization, cultural-historical, social, etc.

The work uses the works of famous scientists such as I. Shamshatuly, K. Zharykbayev, Kaliev, S., J. Moldabekov, J. Altaev, T. Gabitov, A. Kasabekov, A. Tabyldiev.

Keywords: Culture, national values, museum business, upbringing, education, spiritual culture.

For citation: G.K. Shashaeva, Z.S. Aktamberdieva, M.M. Tastanbekov. The role of the museum in the system of spiritual and educational values//MUSEUM.KZ. 2023. No4 (4). p.p. 80-88. DOI 10.59103/muzkz.2023.04.11

Кіріспе.

Бүгінгі таңдағы әлемдік білім беру жүйесі өзінің жылдам өзгеруімен, жаңашылдығымен ерекшеленеді. Ал білім беру жүйесіндегі жаңалықтың негізі – әрбір білім алушыны жеке тұлға ретінде қабылдай отырып, оның тұлғалық ерекшеліктерін ескеріп, оларды болашақ өмірдегі бәсекеге қабілетті тұлға етіп тәрбиелеу.

Қазіргі педагогика ғылымы тәрбие саласындағы басым міндеттердің бірі ретінде жас ұрпақты ғасырлар бойы жинақталған халық даналығының жалпыадамзаттық құндылықтарын меңгерту негізінде тәрбиелеу қажеттігін дәлелдеп отыр. Осы мақсатты жүзеге асыруда халқымыздың әлеуметтік-экономикалық, рухани болмысында көптеген түбегейлі өзгерістер мен жаңғырулар жүріп жатыр. Соның нәтижесінде жаңа дүниетаным мен өмірге деген жаңа көзқарастар, ұлттың рухани болмысында өзіндік ерекшеліктері бар өмір ағымынан туындаған құндылықтар жүйесі қалыптасуда. Осы құндылықтардың түп негізі адамдар санасында ғасырлар бойы қалыптасқан, ұлттық мәдени мұралардан бастау алады.

Талқылау.

Дүниежүзілік өркениет деңгейінен көрініп болашақты жасайтын жеткіншектер. Ал, осы жеткіншек ұрпақтың өресін жоғары деңгейге көтеру тәрбиесінің басты өлшемі – рухани-мәдени құндылықтар.

Құндылық – бұл адамның тілегін, қажетін және мүддесін қанағаттандыратын зат пен құбылыс сипаты. Құндылық субъектінің (адамның) өз қажетін қоршаған дүние заттарын өзіне сәйкес ұғыну салдарынан қалыптасады [Шәмшәтұлы, 2000: 75] демек, ұлттық рухани-мәдени құндылықтарды халықаралық деңгейде насихаттауда оқу-тәрбие үдеріске тың көзқарастармен қарауда алға қояды, жауапкершілікті, талапты туындатады. Осылайша, қазіргі білім беру жағдайында оқушылардың ұлттық білім алуының маңызы арта түспек. Кезінде бұл жөнінде: «Ұлттық білім алудың жолы көп, жолдың ішінде ең төтесі-жақсы мектеп, білімді мұғалім, мұнан қалса, ел ішінде көпке түсінікті болып жазылған білім кітаптары. Сондықтан, мектеп түзу-біздің бірінші жұмысымыз» [Табылдиев, 1988: 88].

Білім беру жүйесіндегі қарқынды өзгерістер еліміздің жас жеткіншегіне білім беріп, тәрбиелеу ісіндегі басым бағыттарын байқатады. Ғылым мен техниканың қарыштап дамуы еліміздің дүниежүзілік білім кеңістігіне енуіне жол ашып, білім беруді одан әрі жетілдіруге, оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіруге игі ықпал етуде. Сөйтіп бүкіл оқу-әдістемелік жүйеге жаңа талаптар қойылуда. Бүгінгі оқыту-тәрбие үдерісінде әр сабақта жаңа идеялар негізінде жасалған жаңаша оқытудың тиімді жолдарын іздестіру мәселесі ең өзекті мәселенің бірі. Мұның өзі оқу-тәрбие үдерісін білім алушылардың жеке қабілетіне қарай ұйымдастыру мәселесін жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Тәрбие – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін, жас ұрпақтың бойына сіңіру, өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру үшін мақсатты ықпалда жүзеге асатын іс-әрекет. Ал ол іс-әрекет бала мектеп табалдырығын аттаған кезден бастап іске асады. Мектеп барлық кезде өскелең ұрпағының елін, халқын, туған жерін сүю және қорғау сезімдерін дарытып және дамытып келеді. Әсіресе, жас ұрпақты тәрбиелеу мәселесі барлық кезде де қоғам мен мемлекеттің назарынан тыс болмаған.

Бүгінгі таңда жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанға айналу, жаңарту үдерісі қоғамымыздың барлық саласында, соның ішінде білім беру саласының тәрбие ісінде жүргізілуі әлемдік деңгейге сай дамуды талап етеді. Сондықтан да әдептілік, имандылық, мейірімділік, қайырымдылық, ізеттілік, қонақжайлық құндылықтары қалыптасқан халқымыздың осы асыл абыройы қасиеттерін жас ұрпақтың ақыл-парасатына азық ете білу үшін, әрбір

тәрбиеші, ұстаз халық педагогикасын, сан ғасырларда қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды жан-жақты терең білумен қатар адамдық құндылықтарды бойына сіңірген, мәдениетті адам болуы шарт. Білім беру жүйесіндегі Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі мен егемендігі үшін ғасырлар бойы күрескен қазақ халқын әлемге ұлт ретінде танытатын рухани-мәдени құндылықтар жүйесі болмақ. Олай болса, оқу-тәрбие ісі тәрбиеленушілерді елжандылық, азаматтық, интернационалдық, жоғары моральдық және адамгершілік сезімін қалыптастыруға, сондай-ақ жан-жақты ынта-ықыластары мен қабілеттерін дамытуға бағытталуы тиіс. Сондықтанда қазіргі заман талабына сай жас ұрпақтың бәсекеге қабілетті жеке тұлға болып қалыптасуына ізгіліктік, жүйелілік ұстанымдарына негізделген үздіксіз білім және тәрбие беру үдерісінде, мәдени мұра материалдарын меңгерту арқылы білім беру жүйесін құру, оның тәрбиелік мүмкіндіктерін саралау өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Қай халықтың да тәлім-тәрбие мазмұны өзінің көп факторлы, көп сатылы, дәстүрлі этнопедагогикалық құрылымымен ерекшеленеді. Ол көп ғасырлық тарихына сүйене отырып, жан-жақты, ұдайы, үрдісте жетіліп, толысып отыратын динамикалық үрдіс. Демек, қоғамның әлеуметтік, саяси, экономикалық қарым-қатынастарының өзгеріп отыруына байланысты тәрбиеде де жаңа қоғамдық көзқарас талаптары пайда болады. Қоғамдық көзқарастардың ықпалы арқылы тәрбие мазмұны да белгілі тарихи толымдылық ерекшелікке ие болады. Қоғамның әрбір тарихи даму кезеңіне сәйкес тәрбиенің жаңа мақсаттары мен міндеттері белгіленіп, жүзеге асырылады. рухани-мәдени, тарихи білім бере оқыту мен тәрбие жүйесінің жай ғана бөлшегі емес, білімнің әлемдік деңгейдегі ақпараттық мазмұнын ұлттық құндылықтармен үйлестіретін білім берудің ұлттық жүйесін білдіреді [Жарықбаев, Қалиев, 1995: 352] Міне сондықтан да Қазақстан білім беру орталарында ұлттық тәрбие нысандары мемлекеттік деңгейде басымдық қызмет атқаруы тиіс, өйткені ол ұлтымыздың өркениетті дамуының рухани – әлеуетінің бұлжымас ірге тасын қалап, болашақ ұрпақтың мәдени және рухани-интеллектуалдық болмысын қалыптастырады.

Бүгінгі күні рухани-мәдени мұраларымызға аса мән берілуі және оған жаңа көзқарастардың туындауымен де байланысты. Ал рухани және материалдық құндылықтардың сақталу орны музейлер екені баршаға мәлім десек қателеспейміз. Адамзаттың көптеген ұрпағының шығармашылық еңбегі мен жасалған материалдық және рухани байлықтың жиынтығы болып табылатын әлемдік құндылықтардың өзі әрдайым музейдегі рухани-мәдени мұралар жиынтығынан көрініс табылуы орынды. Сондықтан олардың негізін білім алушылардың мәдени-рухани құндылықтарын оқу жүйелеріндегі бағдарламаларымен сабақтастыра зерттей отырып, жас ұрпақты мәдени білім беру ісіне даярлау тиімді. Сол арқылы оларды интеллектуалдық әлеуеті жоғары, шығармашылық ынтасы дамыған азамат етіп тәрбиелеу. Ал тәрбиелеу мәселесі оқу-тәрбие үдерісінде үздіксіз, жүйелі түрде жүргізілетін жұмыстардың маңыздысы әрі бастысы болып табылады. Бұл жүйелі жұмыстардың бір саласы ретінде рухани-мәдени, тарихи құндылықтардың алатын орны зор. Осыған байланысты білім алушылардың бәсекеге қабілетті жеке тұлға болып қалыптасуына тек мектептегі білім беру жүйесіндегі пәндер ғана әсер етіп қоймайды, рухани-мәдени, тарихи құндылықтар арқылы да қалыптасып отырады. Сондықтан аталған құндылықтар арқылы бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу құралы ретінде қарастыруға негіз бар.

Қазіргі кездегі білім беру жүйесіндегі әлеуметтік қатынастарды ұлттық сана сезімдерімен идеологияны қалыптастыруға, халықтың тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрпын, өнерін, салт-дәстүрін, ана-тілін дамытуға және өскелең ұрпақтың отаншылдық сезім мен ұлттық ар-намысты оятуға ықпалы айрықша десек, рухани-мәдени құндылықтарды арқылы ұрпақтан – ұрпаққа жеткізу мәселенің мәні зор болмақ. Осы бағытты жүзеге асыруда оқу пәндеріне ұлтымыздың бай рухани-мәдени, тарихи құндылықтарының енгізілуі, болашақ ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтардың қалыптасуына негіз бола алады.

Халық тәрбиеге арналған адамгершілік негіздерін және қоғамның рухани мәдениетінің тарихын жасай отырып, төл әлеуметтік бағдарлық тәжірибесін, рухани байлығын үлкеннен кішіге беріп отырған. Өзімізді өзіміз бағалай білуге бет бұру – ұлттық байлығымызды игеру, ұлттық санамызды дамыту. Ұлттық мәдени құндылықтары ұлттың тек ежелден келе жатқан, ертеден меншіктенген қазынасы, игілігі, алтын қоры, асыл мұрасы ғана емес, сонымен қатар, ұлттың бүгінгі таңда басқа халықтардан бұрын ойлап тапқан, бұрын қол жеткізген, бұрын игерген ғылымдағы, өндірістегі, мәдениеттегі, өнердегі бірінші табысын да қамтиды [Молдабеков, 2009: 123]. Ал қазақ мәдениетіндегі рухани құндылықтар – халқымыздың тарихын жан жақты түсінуі үшін үлкен негіз және әдістемелік құрал болмақ. Осы тұрғыда алғанда дүниежүзілік қоғамдастыққа қазақ халқының терең де тұңғыық мәдениетін, шынайы салт-дәстүрін және өзіне тән ұлттық мәдениетін көрсете білудің маңызы айрықша [Алтаев т.с.с., 1998: 272]. Олай болса қазақ мәдениетіндегі ұлттық тарихи-рухани мұралары – халық тарихының ең маңызды құрамдас бөліктерінің бірі десек қателеспейміз. Ғылым салаларының озық туындыларын, ғылыми-теориялық тұрғыда тұжырым жасау олардың мәдени ағартушылық-тәрбиелік мәні – қоғам мүшелерін өткенге құрметпен, болашаққа үмітпен қарауға тәрбиелеуде өзіндік үлесін қосады дей келе, рухани-мәдени, тарихи құндылықтар арқылы жас ұрпаққа интеллектуалдық білім беруді, оларды қазақ халқының тәрбиесінің даму кезеңдерімен байланысты болмақ. Олай болса: (1) Қазақстанның қазіргі заманғы даму сатысында рухани, тарихи мұраға заманауи көзқарас дәстүрлі мәдениетінде – ұлттық рухани, тарихи құндылықтарында; (2) қазақ халқының мәдени-тарихи түбірі мен идеялық дүниетанымы негіздерін зерделеу, зияткерлік мұра мен ұлттық сәйкестік түрін құрайтын рухани мұралар құндылықтары жүйеленген кезде іске асырылады; (3) қазақтың рухани мәдениетінің негіздерін қолдану, оның бай мүмкіндіктерін анықтау, біздің заманымыздың: елімізді мекендейтін түрлі ұлыс өкілдерін біріктіру үшін ұлттық өзіндік сана-сезімді қалыптастыру және ата-бабаларымыздың рухани, тарихи мұрасын қолдану сияқты өзекті мәселелерін шешуге мүмкіндік береді. Онда ғасырлар бойы халықты тәрбиелеуге және ағартуға негіз болған идеал образдар іске асырылған; (4) осы адамгершіліктің даму аясы, нормативтері, сипаттары адамның рухани мәдениеті мен рухани дамуын қалыптастыруда тұлға ақыл-ойының деңгейін анықтайды; (5)

руханияттыққа тәрбиелеу механизмі былайша бөлінеді: объектіленген мәдениеттің аксиосферасы; субъектілік – тұлғаның өзін-өзі анықтау үдерісінде педагогикалық көмек көрсету. Әлемде объектіленген құндылықтар және солардың негізінде тұлғалық мағына педагогикалық механизмде руханияттыққа тәрбиелеу болып табылады. Руханияттыққа тәрбиелеу үдерісі мәдени мақсатқа сай ізденістерді тұжырымдауды, тұлғалық-бағдарлық білім, гуманитарлық-шығармашылық тәрбие және субъектілік-бағдарлық диагностиканы қамтиды.

Олай болса, руханияттық тұлғаны мінез-құлқының мазмұнуы, олардан білім мен жан-жақтылықты ғана табу емес, шыншылдық, мейірімділік, әдемілік, еркіндік, адамгершілік сияқты жоғарғы құндылықтарды сіңіре отырып, адамның сыртқы және ішкі әлемінің мәніне саналы амалдар арқылы жеткізу. Өзінің руханияттығын қалыптастыра отырып, адам дәл осы амалдардан бастау алады және оны өмір жолында жүзеге асырады. Ал, мәдени-рухани, тарихи мұралар – сан ғасырлардың сүзгісінен өтіп, осы күнге жеткен руханиятын жаңғыртуға арналған ұлттық мәдениеттің коды болмақ.

Ел экономикасы аяғынан тік тұрып, мемлекет байлығы еселенген тұста ұлттық мәдениеттің қордаланған мәселелеріне мұндай биік дәрежеде мән берілуі мәдениет пен білім беру саласында өз үлесін қосары сөзсіз. Осылайша, ұлттық сананы қалыптастыру үшін келешектің кепілі болашақ жастарды оқыту мен тәрбиелеу орасан зор орын алады.

Жоғарыда келтірілген мәселелерді іске асыруда, еліміздің болашағын құратын жастарға жеткізу үшін білім беру саласына, оқу бағдарламаларына енгізу қажеттілігі туындайды. Демек, музейлердегі ұлттық құндылықтарға толы материалдар рухани-мәдени, тарихи оқу және тәрбие беру ісінің толыққанды қорын қалыптастыруға негіз болмақ. Олар: (1)

археологиялық нәтижелер: Қазақстан аумағындағы тұрақтар мен қала орындарында қазба жұмыстарын жүргізу, толық ашылмаған айғақтар іздеп, тарихи-мәдени деректердің санын толықтыруға арналған; (2) тарихи-мәдени ескерткіштер: тұрғылықты жердегі ескерткіштердің, ғылыми мазмұнын анықтауға және ел тарихы мен мәдени өмірінде елеулі орны бар архитектуралық ескерткіштерді қалпына келтіру, жөндеу бағыттарына арналған; (3) әлемдік және ұлттық мәдени құндылықтар: тарихи-мәдени ескерткіштерді зерттеп, оны қорғау жұмыстарын ғылыми негіздерін айқындайды, яғни ол ғылыми – қарастыру жұмысын атқарады; (4) мұрағаттар қоры: Қытай, Ресей, Орталық Азия елдерімен қатар, алыс-жақын өзге де мемлекеттердегі қазақ тарихының мұрағат деректерін жинауға арналған;

(5) тарихи жәдігерлер: тарихы сыр шертетін қытай, араб, парсы, түрік, латын, орыс, неміс, француз, итальян, испан тілдерінде жазылған тарихшы, саяхатшы, ғұламалардың еңбектерін жинақтап бір жүйеге келтіруге арналған; (6) ежелгі қазақ кітаптары мен қол жазбалары: орта ғасырлық ойшылдардың қолжазбаларын іздестіріп, көшірмелерін ғылыми кітапхана қорларына табыс етуге арналған.

Білім алушылардың оқуға, білімге деген қызығушылықтары мен дағдылары өзінен-өзі пайда болмайды. Мұндай қасиеттер оқу орындарында оқытушы мен білім алушылардың оқу пен оқудан тыс жұмыстарды бірлесе отырып оқу-таным әрекетін ұйымдастыру үдерісінде қалыптасады. Сондай жұмыс түрі ретінде оқу орындарында музейлерге танымжорық ұйымдастырудың маңызы зор. Осы бастаманы қолға алған оқытушы білім алушылардың бойындағы алдымен білуге әуестікті, содан кейін – білуге құмарлықты, ең соңында қызығуды оятуы керек. Білім алушылардың танымдық іс-әрекетін, қызығушылығын арттыруды музейлерге танымжорық ұйымдастыру арқылы да жүзеге асыру қолайлы. Өйткені, оқу орындарында музейтану жұмыстары өмірді байланыстырушы, рухани-мәдени, тарихи құндылықтарын қалыптастырушы маңызды құралдың бірі. Музейлерді танып-білу жұмыстары білім алушыларға өз туған елінің елімізбен байланысын, рухани-мәдени құндылықтардың ел тарихымен тұтастығын, әр жанұяның, әр адамның оған қатысты екендігін ұғындырады, туған өлкесінің беделді азаматы болу оның парызы екендігін сезіндіреді. Сонымен бірге тұрғылықты жерлердегі музейлерге бару танымжорық ретінде ұйымдастыру үшін, ең алдымен, білім алушылар осы мәселеге байланысты бүкіл ғылыми әдебиеттермен танысады. Ал музейлер көп салалы ғылым болғандықтан, қорларында жиналған материалдар әр түрлі саланы қамтиды: тарих, саяси-экономикалық, география, мәдениеттану, өнертану, археология, этнография, топонимика, фольклор мұралар, т.б. білім алушылардың туған жерге, өскен елге, ұлт тарихы мен мәдениетіне, өнеріне деген сүйіспеншілік құндылықтарын қалыптастыруға игі ықпал етеді. Осы тұрғыда музейлер – жалпы адамзат баласының өмірінде заттық және рухани мәдениетті танытуда, зерттеу мен насихаттауда үлкен роль атқарады. Әсіресе, ұлттық, мәдени, азаттық, әскери, еңбек жетістіктерін, әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің ерекшеліктерін оқып үйренуге оның көмегі зор. Осылайша ұрпақ тәрбиесінде музей – халық педагогикасымен тығыз байланыста. Ал халық мәдениетінің ескерткіштерін зерттеу халқымыздың әлеуметтік – саяси, адамгершілік тәрбие және дүниеге көзқарас ерекшеліктерін білуге көмектеседі. Олай болса адам бойына рухани байлықты, мәдениеттілікті, әсемдікті, инабаттылықты қалыптастыруда өзіндік орны бар біздің музейлеріміз, ондағы ата-бабаларымыздың тарихын, жалпы өткен өмірімізді бейнелейтін жәдігерлер.

Адамзат ұрпағының даму жолын әрбір қазаққа түсінікті, халыққа тән ортадан табуға болады дейтін болсақ, халқымыздың мәдениеті қоғамдық сананың басқа түрлерімен тығыз байланыста сондықтан оны зерттеп, үйренбейінше қазақ ғылымының тарихын, саяси идеологиясын, өнерін, әдебиетін, адамгершілік қағидаларын, діндарлығын т.б. танып білу мүмкін емес. Қазақтың ұлттық тәрбие негіздері (халық педагогикасы) ең алдымен дүниетануды, тәрбиелеуді, ол үшін өмір заңдылықтарын үйретуді көздейді [Табылдиев,

2001: 320]. Ал музейдегі жүргізілетін жұмыс – білім алушы, тәрбиеленуші жас ұрпаққа халық педагогикасының құрамдас бөлігі ретінде халықтың таным-наным, ұлттық мінез құлық, қадір қасиеттерді табиғи түрде бойына сіңіре білу керек. Осыған байланысты оқу орындарының білім алушыларына арналып дәрістер беріліп, музейлерде өткізілетін практикалық сабақтарға арнайы бағдарламалар жасалынуы қажет. Бұл жұмысты жетілдіру мақсатында білім беру және тәрбие ісімен айналысатын оқу орындары оқытушылары, оқытушылардың біліктілігін арттыру институтының мамандары мен музей ғылыми қызметкерлері, музей ісі мамандары біріге отырып жұмыла – белсене қатынасуы керек. Ал Республика музейлері ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуші ретінде ескерткіштерін есепке алу, қор жинау оны күтіп сақтау қызметімен бірге ғылыми орталық бола алады десек қателеспейміз. Олай дейтініміз, қазақ халқының рухани мәдениетін одақ көлемінде ғана емес әлемге танытуда музейлердің атқарар қызметі зор болмақ. Демек, музей ісін оқу бағдарламаларымен байланыстыра отырып, білім алушыларға рухани-мәдени құрал ретінде қосымша сабақтарда, оқу тәрбие жұмыстарында қолдану өте орынды. Оқулықтардың мәдениет тарауларында музейлер жөнінде мәліметтер енгізіп, білім алушыларға «Музейтану» курсы бойынша факультативтік сабақтар, дәрістер ұйымдастыру, музейлерде өткізілетін ғылыми конференцияларға білім алушыларды тақырыптық дәрістермен шұғылдануға бейімдеу, практикалық сабақтарын өткізу шараларын қолдану қажет. Бұл іс-шара музей және бағдарламаларды жүзеге асыру шараларында ғылыми зерттеу жұмыстарын, музей ісіндегі рухани мәдениеттің құндылықтары қазақ дүниетанымының құралы ретінде білім алушыларға жаңашыл тәрбие алуына жол сілтейді. Олай дейтініміз, ұлттық мәдениеттімізді қалыптастырушы музей – табиғат пен адам қолымен жасалған өнер туындыларын және көне заман ескерткіштерін үлгі нұсқаларын жинақтаушы, сақтаушы, насихаттаушы және бұл мұраларды ұрпақтан ұрпаққа жеткізе отырып, осы негізде қоғам мүшелеріне тәлім-тәрбие беретін ғылыми-мәдени және рухани мекеме. Сондықтан музей – халық мәдениетінің айнасы ретінде адамгершілік қасиеттерді бойына дарыту имандылыққа, адалдыққа тәрбиелеу, ар-ожданды қастерлеу басты қағида болып есептеледі. Осылайша музей мен халық педагогикасының сабақтастығының теориялық тұжырымдары: Музей – табиғат пен адам қолымен жасалған өнер туындыларын және көне заман ескерткіштерін, үлгі-нұсқаларын жинақтаушы, насихаттаушы және бұл мұраларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізе отырып, осы негізде қоғам мүшелеріне тәлім-тәрбие беретін ғылыми-мәдени және рухани мекеме, музей ісі – ғылымның, білім беру ісінің маңызды бір саласы. Себебі, музей ісінде ғылыми жинақтау, тәрбиелік, насихаттау бағыттары жұмыс істеп, жас ұрпақты тәрбиелеу жұмысында маңызды роль атқарауда. Музейлердің сабақтан тыс өткен білімдік, тәрбиелік ықпалы мәселесін зерттеу барысындағы ғылыми теориялық ізденістерде музей мұрағаттары арқылы білім алушылардың оқуға қызығушылығын арттыруға, одан алған білімдерін толықтыруға, ғылыми-зерттеу жұмыстарына дағдыландыруға арналған оқыту жолдарын ары қарай арнайы зерттеуді қажет етеді. Осы қағидаларға сүйенсек, бүгінгі күні әлем мелекеттері арасынан музейі жоқ елді кездестіру мүмкін емес. Ал, әлем мемлекеттерінде музейдің қалыптасуы мен дамуы сол халықтардың өзіне тән рухани-мәдени ерекшеліктеріне байланысты. Сондықтан да музейдегі ұлттық рухани мәдени, тарихи құндылықтар арқылы-түбірі өткен ата-бабамыздан келе жатқан ескерткіштерімізді болашақ ұрпаққа танытып білу біздің міндетіміз бен парызымыз. Сол музей материалдарындағы рухани-мәдени, тарихи құндылықтарымыз арқылы жастардың бойына өз Отанына жеріне, тілі мен дініне, салт-дәстүріне деген сүйіспеншілігі мол мағлұматтарды меңгертіп, оқу тәрбие үдерісінің сапасын жақсартуға түсуге болады.

Қорытынды.

Осылайша қазіргі кездегі еліміздің мемлекет ретінде шаңырақ көтеруі ұлттық ой – сананың дамуындағы үлкен серпіліске жол ашылуы, музейлердің қашанда өз заманына қызмет етуін өмірдің өзі талап етіп отыр. Олай болса, түрлі еңбектерге сүйене отырып жазылған жұмысымыз көрсетіп отырғандай, осы асыл мұраларды, жалпыадамзаттық

құндылықтарды ұрпақ бойына дарытып, білім беру ұйымдарынан бастау алған интеллектуалдық даму дәрежесіне жеткізу білім алушыларды бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастырумен тікелей байланысты екенін байқауға болады. Ал ұлттық құндылықтарды қоғамның барлық саласына оның ішінде білім беру саласында тәрбие ісіне енгізген сайын егемен еліміздің ертеңі айқын, болашағы жарқын болары сөзсіз. Тақырыбымызға сәйкес танымал ғалымдардың рухани және тәрбиелелік құндылықтар мәселелеріне бағытталған ой-пікірлерін басшылыққа ала отырып, заман талабына сай бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу орны – музейлердегі ұлттық құндылықтар демекпіз.

ӘДЕБИЕТ

Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. Алматы: Санат, 1995. 352 б.

Молдабеков Ж.Ж. «Мәдени мұраның» қазақтанымдық маңызы // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдарының «Мәдени мұра» бағдарламасын іске асыруға қосқан үлесі: жетістіктері және даму бағыттары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы: Қазақ университеті, 2009. 123 б.

Шәмшәтұлы И. Рухани мәдениет және өнегелі құндылықтар //Высшая школа Казахстана. 2000. № 2. 75 б.

Философия және мәдениеттану. Оқу құралы / Құраст.: Ж. Алтаев, Т. Ғабитов, А. Қасабеков және т.б. Алматы: Жеті жарғы, 1998. 272 б.

Табылдиев Ә.Т. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. Алматы, 1988. 88 б.

Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. Алматы: Санат, 2001. 320 б.

REFERENCES

Zharykbaev Q., Kaliev S. Kazakh talim-tarbiesi. Almaty: Sanat, 1995. 352 p. (In Kazakh)

Moldabekov J.J. «Madeni murany» kazakhtanumdyk manyzy // Al-Farabi atyndagy KazUU galymdarynyn «Madeni mura» bagdarlamasyyn iske asyruga koskan ulesi: zhetistikteri zhane damu bagyttary» atty halykaralyk gylimi-praktikalyk konferentsiya materialdary. Almaty: Kazakh universiteti, 2009. 123 p. (In Kazakh)

Shamshatuly I. Ruhani madeniet zhane onegeli kundylyktar //Vysshaya shkola Kazakhstan. 2000. № 2. 75 p. (In Kazakh)

Filosofiya zhane madeniettanu. Oku kuraly / Kurast.: J. Altaev, T. Gabitov, A. Kasabekov and others. Almaty: Zheti zhargy, 1998. 272 p. (In Kazakh)

Tabyldiev A.T. Kazakhtyn talimdik oi-pikir antologiyasy. Almaty, 1988, 88 p. (In Kazakh)

Tabyldiev A. Kazakh etnopedagogikasy. Almaty: Sanat, 2001. 320 p. (In Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет: Шашаева Гүлбакыт Қадыржанқызы – Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, «Жалпы білім беру пәндері кафедрасы» (050010, Алматы қ., Абай даңғылы, 8, Қазақстан), қауымдастырылған профессоры, PhD, <https://orcid.org/0000-0003-1323-2495>. E-mail: t_gulbakhit@mail.ru

Ақтамбердиева Зәуре Сәлкеқызы – Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті (050010, Алматы қ., Абай даңғылы, 8, Қазақстан), қауымдастырылған профессоры, т.ғ.к., <https://orcid.org/0009-0000-0443-2335>, E-mail: z.salkeevna@mail.ru

Тастанбеков Мұрат Мейрбекұлы – «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары (161204, Әйтбеке би көшесі № 1Б, Түркістан қаласы, Қазақстан), т.ғ.к., ХҚТУ доцент міндетін атқарушы, <https://orcid.org/0000-0003-0289-9024>. E-mail: murat-t@mail.ru

Сведения об авторах: Шашаева Гульбакыт Кадыржановна – Казахский национальный аграрный исследовательский университет, «Кафедра общеобразовательных дисциплин» (050010, Г. Алматы, пр. Абая, 8, Казахстан), ассоциированный профессор, PhD., <https://orcid.org/0000-0003-1323-2495>, E-mail: t_gulbakhit@mail.ru

Ақтамбердиева Зауре Салкеевна – Қазақстан Республикасының аграрлық ғылыми университеті, «Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің «Жалпы білім беру саласындағы дисциплінаның теориялық және әдістемелік мәселелерін зерттеу институты» (050010, Алматы, Абая пр., 8, Қазақстан), ассоциирланған профессор, к.и.н., <https://orcid.org/0009-0000-0443-2335>. E-mail: z.salkeevna@mail.ru

Тастанбеков Мурат Мейрбекович – директорының орынбасары ғылыми жұмыс бойынша мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы «Азрет Султан» (161204, ул. Айтбеке би № 16, г. Түркістан, Қазақстан), к.и.н., и.о. доцента МКТУ, <https://orcid.org/0000-0003-0289-9024>. E-mail: murat-t@mail.ru

Information about the authors: Gulbakyt K. Shashaeva – Kazakh National Agrarian Research University, “Department of general education disciplines” (050010, Almaty, 8 Abaya Ave., Kazakhstan), Associate Professor, PhD., <https://orcid.org/0000-0003-1323-2495>, E-mail: t_gulbakhit@mail.ru

Zaure S. Aktamberdieva – Kazakh National Agrarian Research University, “Department of General Education Disciplines” (050010, Almaty, Abaya Ave., 8, Kazakhstan), Associate Professor, Candidate of Historical Sciences, <https://orcid.org/0009-0000-0443-2335>. E-mail: z.salkeevna@mail.ru

Murat M. Tastanbekov – Deputy Director for Scientific Work of the State Historical and Cultural Museum-Reserve “Azret Sultan” (161204, Aitbeke bi str. No. 1b, Turkestan, Kazakhstan), Candidate of Historical Sciences, Acting Associate Professor of the MKTU, <https://orcid.org/0000-0003-0289-9024>. E-mail: murat-t@mail.ru